

«Бекітемін»
АҚБББ «ІТ мектеп – лицейі» КММ
директоры Батырова А. С.

« 05 » 09 2024 ж.



« Келісемін »
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ергалиева С.Ш.

« 05 » 09 2024 ж.

Бірлестік отырысында қаралды
Хаттама № 1
Әдіс бірлестігінің жетекшісі

« 28 » 08 2024 ж.



«Математика және логика»

факультативтік сабақтың күнтізбелік жоспары

Сыныбы : 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б», 4 «В», 4 «Г», 4 «Ғ»

2024-2025

4-сыныпқа арналған факультативтік

курстың бағдарламасы

«Логика»

ТҮСІНІК ХАТ

Бастауыш сыныптың 4-сыныптарына арналған «Математика шыңы» арнайы курс бағдарламасы оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұнында аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат жүктеме берілген.

Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеріледі. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы – дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар.

Есеп зерделілікке, қиялдауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәрбиелейді. Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектену білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

Оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту;

- ☐ Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- ☐ Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

☐

Бағдарламаның міндеті.

- ☐ Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- ☐ Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- ☐ Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- ☐ Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- ☒ Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

☐

Оқушылардың біліктілігіне қойылатын талаптар

- ☐ Әр түрлі математикалық білім көздерінен мағлұмат ала білу.
- ☐ Математикалық есептеудің бастапқы дағдыларын үйрету.
- ☐ Математикалық білімді күнделікті өмірде пайдалана білу
- ☐ Интеллектуалдық ойындар, конкурстар, жарыстар, олимпиадаларда

жетістіктерге жетуге ұмтылу

- ☐ Өз бетінше есептерді талдау арқылы математикаға қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже.

1. Оқушылар кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді меңгереді.
2. Математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамытады.
3. Даму мониторингі айқын көрінеді.
4. Шығармашылық ой- өрісі дамиды.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ

Факультативтің алғашқы 2 сағат 3-сыныптағы Көптаңбалы сандарға бір таңбалы сандарды жазбап көбейту бөлу, мәтіндік есептерге теңдеу құрастыру, өрнек түрінде шығару, фигуралардың периметрін, көлемін табуға, теңдеулерді шешуге, мәсел есептерді шығаруға байланысты есептер берілген.

1.«Көптаңбалы сандарды бір таңбалы сандарға көбейту және бөлу» (2 сағат)

2. «Шамалар. Шамалар арасындағы тәуелділік» (2 сағат),

3.«Екі таңбалы санға көбейту және бөлу» (2 сағат)

4. «Үш таңбалы санға көбейту және бөлу» (2 сағат) тақырыптарынан кейін оқушылардың білімдерін пысықтап әрі 4-сыныпты бітіргенде тапсыратын ОЖСБ-ға дайындық мақсатында 1 сағатқа арналған жалпы бағдарлама бойынша **2 сағатты** құрайтын деңгейлік, Өзіндік жұмыс есептері құрастырылған. Сонымен қатар, курс бағдарламасы оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру мақсатында

«Киелі сандар» (1 сағат)

«Математикалық шытырмандар» (1сағат)

«Математикалық эстафета» (1сағат)

«Ребустар және сөзжұмбақтар шешу» (1сағат)

«Қызықты математикалық есептер» (1сағат)

«Жануарлар туралы есептер» (1 сағат)

«Жұмбақ айтысы» (1 сағат)

«Логикалық лабиринттер» (1сағат)

«Жас математик» ойын сабақ (1 сағат)

«Математикалық жұмбақ: сиқырлы фигура, қызықты қоршау» (1 сағат)

«Математикалық шытырмандар» (1 сағат) атты тақырыптарға байланысты қызықты есептерден **10сағат** бөлінген.

«Жиындарға арналған есептер» (1 сағат)

«Комбинаторлық тапсырмалар» (1 сағат)

«Ықтималдықты анықтауға арналған тапсырмалар» (1 сағат)

«Сандық заңдылықтарды анықтауға арналған тапсырмалар» (1 сағат)

«Теңдеу. Теңсіздіктер» (1 сағат)

«Логикалық ой қорыту» (1 сағат)

«Арифметикалық амал таңбасын қоюға арналған есептер» (1 сағат)

«Жүз көлемді есептерді шешудің тиімді тәсілдері» (1 сағат), «Геометриялық мазмұндағы есептер» (1 сағат)

«Таразы арқылы өлшеуге арналған есептер» (1 сағат)

«Алгоритмге арналған логикалық есептер» (1 сағат)

«Үлестер. Санды үлес бойынша табу» (1 сағат)

«Пифагордың көбейту кесте сиқыры» (1 сағат).

«Жылдамдық» (1 сағат) атты тақырыптарда жасалған түрлі деңгейлік, дидактикалық есептер берілген. Әрбір сабаққа ҚР «Білім стандартына сәйкес» 2020ж. 6 сәуірдегі №130 бұйрығын басшылыққа ала отырып қысқа мерзімді сабақ жоспары түзілген. Бағдарлама аптасына -1 сағат, жылына -34 сағатқа негізделген.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Аптасына-1сағат

Барлығы- 34сағат

№	Сабақтың мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Үйімдастыру формасы
1-2	3-сыныпта өткенді қайталау	2		Практикалық
3-4	Көптаңбалы сандарды бір таңбалы сандарға көбейту және бөлу.	2		Практикалық
5	Өзіндік жұмысы	1		Сынама, өзіндік жұмыс
6	Жиындарға арналған есептер	1		Практикалық
7	Ребустар және сөзжұмбақтар шешу	1		Практика-ойын
8	Математикалық эстафета	1		Практикалық жұмыс, сайыс
9	Комбинаторлық тапсырмалар	1		Практика-теория
10-11	Өзіндік жұмыс	2		Практикалық
12	Математикалық шытырмандар	1		Практикалық
13-	Ықтималдықты анықтауға арналған тапсырмалар	2		Теория-практикалық
14	Сандық заңдылықтарды анықтауға арналған тапсырмалар	1		Практика-теория
15-16	Үш таңбалы санды көбейту және бөлу	2		Практика-теория
17	Теңдеу .Теңсіздіктер	1		Практикалық-ойын
18	Өзін-өзі бағалау. Тест тапсырмалары	1		Практикалық-сынама
19-20	Жануарлар туралы есептер	1		Практика-ойын
21	Логикалық ой қорыту	1		Практика-теория
22	Арифметикалық амал таңбасын қоюға берілген есептер	1		Практикалық-ойын
23	Жұмбақ айтысы	1		Практика-ойын
24	Жүз көлемді есептерді шешудің тиімді тәсілдері	2		Практикалық-ойын
25	Логикалық лабиринттер	1		Практика-ойын
26	Геометриялық мазмұндағы есептер	1		Теория-практикалық
27	Таразы арқылы өлшеуге арналған есептер	1		Практикалық
28	«Жас математик» ойын сабағы	1		Практика-ойын, сайыс
29	Алгоритмге арналған логикалық есептер	1		Практика-теория
30	Үлестер .Санды үлес бойынша табу.	1		Практикалық-ойын

31	Жылдамдыққа арналған есептер	1		Практика-ойын
32	Пифагордың көбейту кестесінің сиқыры.	1		Теория-практикалық
33	Киелі сандар.	1		Практика-ойын.
34	Қорытынды сабақ.	1		Өзіндік жұмысы.